

«Бекітемін»
№67 гимназия директоры
Г. Абдраманова
бұйрық №101 от «04» 09 2020ж.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№ 67 гимназия» шаруашылық
жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны
(ұйымның атауы)
сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты

1. Жалпы ереже

1. Осы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (бұдан *әрі* - *Министрлік*) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 10 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бекіткен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты өзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес өзірленген және ұсынымдық сипатқа ие.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты өзірлеуші №67 гимназия (*құрылымдық бөлімшес*) болып табылады.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт стандартты сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған қоғамдық қатынастардың ерекшеленген саласына арналған ұсынымдар жүйесін орнатуға бағытталған.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты өзірлеу міндеттері:

1) қоғамдық қатынастардың ерекшеленген саласында жұмыс істейтін адамдардың нақты сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқын қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық көріністерін уақытылы анықтау және олардың жағымсыз салдарының алдын алу болып табылады.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың қағидаттары:

1) занылық;

2) ашықтық;

3) әдептілік;

4) жеке және занды тұлғалардың құқықтары мен занды мұдделерін сактау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;

5) мұдделер қақтығысын болдырмау болып табылады.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт жемқорлыққа қарсы мінез-құлқынты сактауга және сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған қоғамдық қатынастардың ерекшеленген саласында жұмыс істейтін адамдарға арналған ұсынымдарды анықтайды.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартың негізіне сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу көзқарасы тұрғысынан:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт қамтитын салада жеке және занды тұлғалардың құқықтары мен занды мұдделерін іске асыру;

- 2) өз күзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау;
- 3) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің жобасын дайындау;
- 4) тиісті тіршілік әрекеті саласының ерекшелігіне байланысты өзге де қоғамдық маңызы бар қарым-қатынас кезінде лауазымдық міндеттерді орындау бойынша тікелей іс-әрекеттер алынған.

2. Қоғамдық қатынастардың ерекшеленген саласында жұмыс істейтін адамдардың мінез-құлдық (іс-әрекеттері) стандарттары (ұсынымдары)

8. Сыбайлас жемқорлықта қарыншада стандарт қамтитын тиісті салада жеке және занды тұлғалардың құқықтары мен занды мүдделерін іске асыру кезінде:

- 1) Қазақстан Республикасы Конституциясы мен зандарын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді;
- 2) Қазақстан халқының бірлігі мен еліміздің ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал ету, мемлекеттік және басқа де тілдерді, Қазақстан халқының салт-дәстүрлерін құрметтеу;
- 3) жеке тұлғалармен, занды тұлғалар өкілдерімен және әріптестермен қарым-қатынас жасауда адал, әділ, қарапайым болу, көпшілік макұлдаған моральдық-әдептілік нормаларын сақтау, сыйрайылық және биязылық таныту;
- 4) жеке және занды тұлғалардың құқықтары мен занды мүдделерін қозғайтын қабылданған шешімнің айқындылығын қамтамасыз ету;
- 5) өз әрекетімен және мінез-құлқымен қоғам тараپынан сынға ұшырауға, сынның артына түспеуге жол бермеу, өз әрекетінің кемшіліктерін жою және жаксарту үшін конструктивті сынды қолдану;
- 6) жеке басының мәселесін шешу барысында мемлекеттік органдар, ұйымдар, мемлекеттік қызмет және басқа адамдардың әрекеттеріне ықпал ету үшін қызмет бабын пайдаланбау;
- 7) шындыққа сәйкес емес мәліметтерді таратпау;
- 8) зан бойынша тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік көзделген қылыштар мен өзге де зан бұзушылықтар жасауға жол бермеу;
- 9) мемлекеттік органда еңбек заннамасы мен мемлекеттік қызмет туралы заннаманы орындауды қамтамасыз ету, еңбек тәртібі мен шарттарын сақтауды, сондай-ақ мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеулерді қамтамасыз ету.

9. Мемлекеттік қызметті және басқа да рұқсат беру қызметтерін көрсету кезінде:

- 1) тұрақты негізде мемлекеттік қызмет көрсету саласын арттыру бойынша шаралар қабылдау;
- 2) қолжетімді түрде қызмет алушыларға мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы толық және шынайы акпарат ұсыну;

3) қарастырылмаған құжаттарды сұратып алуға жол бермеу, мемлекеттік қызмет пен басқа да рұқсат беру функцияларын көрсету барысында әртүрлі әуре-сарсаннан (салғырттықтан) аулақ болу;

4) сыйбайлас жемқорлық сипатындағы заң бұзушылыққа итермелегенде басшылыққа жеткізу;

5) мемлекеттік қызмет көрсету кезінде үнемділік пен тиімділік танытып, мемлекеттік қызмет көрсету процесін үнемі жетілдіруді қамтамасыз ету.

10. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуға байланысты мемлекеттік сатып алуды іске асыру кезінде мыналар ұсынылады:

1) мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшалай қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау;

2) Занда көзделген жағдайларды қоспағанда мемлекеттік сатып алуды өткізу ресіміне қатысу үшін әлеуетті жеткізушілерге тең мүмкіндіктер ұсыну;

3) мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету;

4) сыйбайлас жемқорлық белгілеріне жол бермеу;

5) аткаруышылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және Бірыңғай борышкерлер тізліміне қосылған әлеуетті жеткізуші және (немесе) оларға тартылатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) ретінде қатысушыға жол бермеу.

11. Өз құзыреті шенберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау мен қабылдау кезінде:

1) қызметтік міндеттерді орындау кезінде мұдделер қақтығысының, жеке бас мұддесінің туындағаны туралы, сыйбайлас жемқорлық әрекетіне және сыйлық алу итермелеген туралы тікелей немесе өз басшысына жеткізу;

2) жеке басының мәселесін шешу барысында мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілердің және басқа да адамдардың әрекеттеріне ықпал ету үшін қызмет бабын пайдаланбау;

3) әріптестерге, басшыларға және өзге де лауазымды тұлғаларға сыйлық жасамау және мұліктік пайда немесе артықшылық пайда алу үшін қызметтік өкілеттілікті пайдалана отырып қызметтік емес қызмет көрсетпеу;

4) сыйбайлас жемқорлыққа қары тұруға, сыйбайлас жемқорлық сипатындағы заң бұзушылықты ашуға белсенділік таныту;

5) сыйбайлас жемқорлық фактілері белгілі болғаны туралы, сондай-ақ қандай да бір материалдарды қарауды жылдамдатқаны үшін пайда көруге итермелегені немесе әуре-сарсанға салғаны туралы басшылыққа жеткізу;

6) атқару үшін алынған өкімнің зандағылығына күмandanған жағдайда бұл туралы тікелей басшыға жазбаша хабарлау;

7) егер мұдделер қақтығысына тікелей басшының өзі қатысты болса, жоғары тұрған басшыға жүргіну;

8) табыс табуға байланысты кәсіпкерлік және өзге де әрекеттерді іске асыруда біреуге көмектесуден бас тарту.

12. Нормативтік құқықтық актілерді дайындау кезінде:

1) нормативтік құқықтық актілер жобасын дайындау мен талқылауда қоғамның, бүкіл ақпараттық құралдардың міндетті түрде қатысуын қамтамасыз ету;